

Қараой мектеп – балабақшасы КММ

Мектеп кітапханасы



Кітапханашы: Ж.Жұмашқалиева

Мектеп кітапханасы туралы мәлімет

2025 – 2026 оқу жылы

Кітапхана – білім мен рухани құндылықтардың ордасы, оқырман мен кітапты тоғыстыратын мәдени-ағартушылық мекеме. Кітапхана қоры көркем әдебиет, ғылыми – танымдық еңбектер, оқу-әдістемелік құралдар мен мерзімді басылымдармен толықтырылған. Мұнда оқырмандардың білімін жетілдіруге, шығармашылық қабілетін дамытуға, бос уақытын тиімді өткізуге барлық жағдай жасалған. Кітапхана түрлі мәдени іс-шаралар, әдеби кештер, кітап көрмелері, зияткерлік ойындар, танымдық сабақтар мен байқаулар ұйымдастыру арқылы жас ұрпақты кітап оқуға баулиды. Сонымен қатар, кітапхана оқушылардың өз бетімен білім алуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуына және бос уақытын тиімді өткізуіне қолайлы жағдай жасайды.

Кітапхана ауданы – 77,4

Кітапхана қоры – 6747

Оның ішінде оқулық – 3887, көркем әдебиет – 2125, бұрышпа – 577, электронды оқулық – 158 дана.

Жүргізілген іс –шаралар

Қараой мектеп-балабақшасында 5 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай « Жүзден жүйрік» зияткерлік сайысы өтті.

Мақсаты: Балалардың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру, білімді, жан-жақты болуға үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу.





Қараой мектеп – балабақшасында 5 қыркүйек күні 1 сынып оқушылары « Қазақ тілі – менің ана тілім» тақырыбында мектебіміздің кітапханасына саяхат жасады.

Мақсаты: Балалардың туган тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Кітапханаға деген қызығушылығын ояту, кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу.




Қараой мектеп – балабақшасында 17 қыркүйек күні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы «Балалар кітапханасы» жобасы аясында Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Абай – ұлы даланың ұлы ойшылы» атты виртуальды көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қазақтың ұлы ойшылы, философы, ағартушы Абай

Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау.

Оқушыларды ақынның өнегелі өмір жолынан үлгі алуға, адамгершілікке, білімге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.



Қараой мектеп – балабақнасында 25 қазан Республтка күніне орай «Қыран елім – Қазақстан» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқырмандардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру. Республика күні туралы түсінік беру. Тәуелсіз Қазақстанның даму жолын насихаттау.



Қараой мектеп – балабақшасында 8 қазан күні Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай « Абай – ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында әдеби шара ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын таныстыру. Ақынның даналық ойлары мен қара сөздері арқылы адамгершілікке, еңбекқорлыққа, білімге баулу. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, рухани тәрбие беру.



Қараой мектеп – балабақшасында 13 қараша күні көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, географ, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай «Ғалым.Саяхатшы.Ағартушы» тақырыбында тарихи танымдық сабақ ұйымдастырылды.



Қараой мектеп – балабақшасында 25 ақпан Республика күніне орай «Қазақстан – татулық ордасы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты : Республика күнінің мәні мен маңызын түсіндіру. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуындағы бірлік пен татулықтың рөлін ұғындыру.





Қараой мектеп – балабақшасында 24 қазан кітапханашылар күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында мектеп кітапханасына Асқарұлы Жасұлан кітапхана қорының толығуына өз үлесін қосты. Қарындасы Асқарқызы Айерке мектеп кітапханашысын төл мерекесімен құттықтап, кітаптарды сыйға тарту етті.



«Кітап сыйлау – рухани байлық сыйлау»

Қараой мектеп – балабақшасында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Демалыста кітап оқимыз» тақырыбында балалар күзгі демалысында кітап оқыды.

Мақсаты: Оқушыларды каникул кезінде пайдалы уақыт өткізуге , кітап оқуға баулу.




Қараой мектеп – балабақшасында 8 желтоқсан күні «Абай мұрасы – халық ұлағаты» тақырыбында әдеби кеш өтті.
Мақсаты: Ұлы ақын Абай шығармашылығын ата мұрамыз ретінде қабылдап, жаңа жас ұрпаққа танытып, терең меңгеру.





Қараой мектеп – балабақшасында қысқы демалысты тиімді пайдалану мақсатында «Қысқы демалыс – кітаппен қызықты» тақырыбында оқу сағаты ұйымдастырылды.


Мақсаты: Оқушылардың қысқы демалыс уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітапханаға тарту.





Қараой мектеп – балабақшасында 13 қаңтар күні «Заң және тәртіп: жасөспірімдер көзімен» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірімдер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, заң мен тәртіптің қоғамдық маңызын түсіндіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.



Қараой мектеп – балабақшасында 14 қаңтар күні «Өз құқығыңды біліп – өзінді қорға!» тақырыбында квест өткізілді. Оқушыларға топтық тапсырмалар арқылы өз құқықтары мен міндеттерінен кеңірек түсінік алды. Мақсаты: Оқушыларды бала құқықтармен таныстыру. Оқу мәдениетін, құқықтық сауаттылықты қалыптастыру.





Қараой мектеп – балабақнасында «Ғарыш миссиясы: Талғат Мұсабаев – қазақтың ғарыштағы мақтанышы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Қазақстанның ғарышкерлерінің бірі Талғат Мұсабаевтың өмірі мен ерлігін насихаттау. Оқушыларды ғылымға, ғарыш саласына қызығушылығын арттыру.



